

**Қарағанды облысының Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының ұсынысы бойынша "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 47-бабы 5-тармағының конституциялылығын тексеру туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2018 жылғы 10 сәуірдегі № 3 нормативтік қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Қ.Ә. Мәми, Кеңес мүшелері А.Қ. Дауылбаев, В.А. Малиновский, И.Д. Меркель, Р.Ж. Мұқашев, Ә.А. Темірбеков және У. Шапак қатысқан құрамда, мыналардың:

өтініш беру субъектісінің өкілі – Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.К. Сейдалинаның,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі – Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары Э.Ә. Әзімованың,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының өкілі – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Д.Р. Құсдәулетовтың,

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің өкілі – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты А.Н. Жайылғанованың,

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының өкілі – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы Ғ.Б. Ақ-қуованың,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі – Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары М.М. Ахметжановтың,

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия өкілі – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты С.М. Айтпаеваның,

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілі – Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің төрағасы А.Ә. Сарбасовтың,

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің өкілі – Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Н.А. Оршубековтың,

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілі – Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың басшысы С.Ж. Оспановтың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Қарағанды облысының Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының "Неке (ерлі-зайыптылық) және

отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің 47-бабының 5-тармағын Конституцияға сәйкес емес деп тану туралы ұсынысын қарады

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі У.Шапактың баяндамасын, отырысқа қатысушылардың, "Право" Қоғамдық қорының директоры О.В. Рыльдің, сарапшы – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры А.М. Нұрмағамбетовтың сөйлеген сөздерін тыңдап; сарапшылар: Қазақ-Америка университетінің қауымдастырылған профессоры Б.А. Жандарбектің, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры М. Жасқайраттың қорытындыларымен танысып; "Бөбек" Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының, Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің, Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар қорының Қазақстан Республикасындағы өкілдігінің, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің, "Университет КАЗГЮУ" Акционерлік қоғамының, Каспий университетінің, "Қазақстан Республикасының заңнама институты" Мемлекеттік мекемесінің және "Ана Үйі" Қоғамдық қорының қорытындыларын, сондай-ақ конституциялық іс жүргізудің өзге де материалдарын зерделеп, жекелеген шет елдердің заңнамасы мен практикасын талдап, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі

**анықтады:**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесіне 2018 жылғы 12 наурызда Қарағанды облысының Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 47-бабының 5-тармағын конституциялық емес деп тану туралы ұсынысы келіп түсті.

Ұсынысқа қарағанда, аталған соттың өндірісінде Ә.Ә. Жанақбаеваның Е.Т. Жәкешке әке болуды анықтау, баланы күтіп-бағуға арналған алимент, босанғанға дейінгі кезеңде және бала үш жасқа толғанға дейін өзін күтіп-бағуға ақшалай қаражат өндіріп алу туралы талап арызы бойынша азаматтық іс бар.

Дауласушы жақтар заңды некеде тұрмаған.

Е.Т. Жәкеш балаға қатысты өзінің әке екендігін ерікті түрде мойындамай, балаға және оның анасына материалдық көмек көрсетуден бас тартқан. Осыған байланысты талапкер көрсетілген талап арызымен Кодекстің 47-бабының 5-тармағына сілтеме жасай отырып, сотқа жүгінген. Кодекстің 147 және 148-баптарында көзделгендей, талапкер ортақ баласы үш жасқа толғанға дейін өзін жауапкер күтіп-бағуын талап етеді

Азаматтық іс материалдарын қарау барысында ауданаралық сот Кодекстің 47-бабының 5-тармағы Негізгі Заңның 14-бабының 2-тармағына және 27-бабының 1 және

2-тармақтарына қайшы деген пікірге келіп, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген адамның және азаматтың құқықтарына нұқсан келтіреді деп есептейді.

Сондықтан, сот Конституцияның 78-бабына сәйкес азаматтық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұрып, Кодекстің 47-бабы 5-тармағының некесіз туған баланың анасын күтіп-бағу мерзімін босанғанға дейінгі және босанғаннан кейінгі кезеңдермен шектейтін бөлігін Конституцияға сәйкес емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінді.

Кодекстің 47-бабы 5-тармағының конституциялылығын тексерген кезде Конституциялық Кеңес мынаны негізге алды.

1. Конституцияның 1-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін... әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Конституцияның I-бөлімінің бұл ережесі, Қазақстан, мемлекеттің мүмкіншілігіне қарай отырып, өзінің азаматтарына игілікті өмір сүру үшін және жеке адамның еркін дамуына жағдай жасауға міндеттеме алатын мемлекет ретінде дамуға ниет танытады дегенді білдіреді. Бұл ереже Негізгі Заңның мынадай: жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде азаматтардың әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік берілуі, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасаудың және қайырымдылықтың көтермеленуі (28-бап); неке мен отбасын, ана мен әке және баланы мемлекеттік қорғау (27-баптың 1-тармағы) сияқты әртүрлі нормаларында ашылады (Конституциялық Кеңестің 2001 жылғы 21 желтоқсандағы № 18/2, 2004 жылғы 20 сәуірдегі № 3 нормативтік қаулылары).

Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімдерінде құқықтардың немесе бостандықтардың нақты бір түрінің конституциялық құқық деңгейіне көтерілуі және Конституцияда оның кепілділігінің жариялануы мемлекеттің осы құқықтар мен бостандықтарды іске асыруды қамтамасыз етуді міндетіне алғандығын білдіреді, деп бірнеше рет түсіндірілген болатын. Аталған құндылықтарды ең қымбат қазына деп тану, мемлекет үшін адамға, оның материалдық жағынан әл-ауқаты болуына қамқорлық жасаудан аса маңызды міндет жоқ екенін білдіреді. Мемлекет адамның лайықты өмір сүруі үшін қолынан келген барлық жағдайды жасауға міндетті (1999 жылғы 12 наурыздағы № 3/2, 2004 жылғы 20 сәуірдегі № 3, 2005 жылғы 29 сәуірдегі № 3, 2005 жылғы 1 шілдедегі № 4, 2007 жылғы 28 мамырдағы № 5 нормативтік қаулылары).

2. Конституцияға сәйкес ана мен бала, неке мен отбасы, әке мемлекеттің қорғауында болады (27-баптың 1-тармағы).

Конституциялық Кеңестің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 3 нормативтік қаулысында Конституцияның осы ережелері балалардың арнайы құқықтық мәртебесін, құқықтары

мен бостандықтарын, оларды іске асыру кепілдіктерін салалық заңнамада бекіту және реттеу үшін, мызғымас конституциялық құндылық ретінде баланы қорғаудың кешенді мемлекеттік жүйесінің әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық бастауларын қалайды деп түсіндірілген.

Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті (Конституцияның 27-бабының 2-тармағы).

Бұл конституциялық ұйғарым ретінде ата-ана парызын адал орындауды талап етеді және жоғарыда аталған конституциялық нормалармен өзара ықпалдаса келе, мазмұнын ата-ана міндеттері мен балалардың тиісті құқықтары құрайтын ерекше құқықтық қатынастардың туындауына негіз болады, сондай-ақ бала құқығына нұқсан келтіру осы әлеуметтік құндылықтың табиғатына сай келмейтінін білдіреді.

Конституциялық Кеңестің осы құқықтық ұстанымдары Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын жалпыға танылған халықаралық актілердің ережелеріне де негізделген.

Айталық, 1948 жылғы 10 желтоқсандағы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында ана және нәресте болу жағдайы айрықша қамқорлық пен көмек алуға құқық береді деп бекітілген. Некелі немесе некесіз туған балалардың бәрі бірдей әлеуметтік қорғауды пайдаланады (25-баптың 2-тармағы).

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы 1966 жылғы 16 желтоқсанда қабылдаған және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қарашадағы № 87 Заңымен ратификацияланған, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде аналарға, бала туғанға дейінгі және одан кейінгі тиісті уақыт ішінде айрықша қамқорлық көрсетілуі тиіс деп анықталған. Барлық балалар мен жасөспірімдерге шығу тегіне байланысты немесе өзге бір белгісі бойынша қандай да болмасын кемсітусіз қорғау мен жәрдемнің ерекше шаралары қабылдануға тиіс (10-баптың 2 және 3-тармақтары).

Бала құқықтары туралы конвенцияға (Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы 1989 жылы 20 қарашада қабылдаған, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы № 77-ХІІІ қаулысымен ратификацияланған) сәйкес ең бірінші кезекте баланың мүдделерін барынша толық қамтамасыз етуге көңіл бөлінеді. Қатысушы мемлекеттер әр баланың дене бітімі, ақыл-есі, рухани, имандылық және әлеуметтік тұрғыдан қажетті өмір деңгейіне деген құқығын таниды (3-баптың 1-тармағы, 27-баптың 1-тармағы).

Конституция және оған негізделген Қазақстан Республикасының заңнамасы және халықаралық-құқықтық актілер олардың шығу тегіне, баланың немесе ата-анасының мәртебесіне және өзге де жағдайларға қарамастан, бала құқықтарының теңдігіне негізделеді. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан

Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы балалардың теңқұқықтылығы қағидатын бекітеді, яғни некеден де және некесіз де туған балалар тең, әрі жан-жақты қорғауды пайдаланады (4-бап).

Осылайша, сот өтініші бойынша, Конституциялық Кеңес Негізгі Заңның 1, 12 және 27-баптарынан туындайтын Қазақстан Республикасы әлеуметтік саясатының конституциялық мақсаттары өзара байланысты, кешенді сипатқа ие және балалардың дене бітімі, рухани, имандылық және психикалық толыққанды дамуына кепілдік беретін, соның ішінде отбасын, ана мен баланы мемлекеттік қолдау, сондай-ақ балаларға қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу бойынша ата-аналардың міндеттерін орындауды қамтамасыз ету жолымен, жағдайлар жасауға бағытталған, деп пайымдайды.

3. Конституцияның және халықаралық-құқықтық актілердің келтірілген ережелерін нақтылау үшін Кодекс неке-отбасы заңнамасының қағидаттарын белгілейді (2-баптың 2-тармағы). Олардың негізінде отбасы мүшелерінің: ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы, ал Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында көзделген жағдайларда және шектерде басқа туыстар мен өзге де адамдар арасындағы құқықтар мен міндеттерді, мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды бекітеді (Кодекстің 3-бабы 1) тармақшасы).

Негізгі Заңның 61-бабы 3-тармағының 1) және 7) тармақшаларына сәйкес жұмыс істеуге қабілетті ата-ананың өз баласына немесе оның анасына алимент төлеу тәртібін, шарттары мен мөлшерін айқындау Қазақстан Республикасы Парламентінің құзыретіне кіреді. Ол салалық заңнамада балалардың және бала игілігіне қатысы бар өзге де тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін басымдықпен қорғауға кепілдік беретін тиісті тиімді құқықтық тетіктерді белгілеуге уәкілетті. Бұл ретте, заң шығарушы әлеуметтік өтемдер мен жеңілдіктердің нақты түрлері мен оларды алу шарттарын анықтауға, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын әлеуметтік-негізделген өлшемдер бойынша жіктеуге хақылы (Конституциялық Кеңестің 2005 жылғы 29 сәуірдегі № 3 нормативтік қаулысы).

Кодекстің 47-бабының 5-тармағына сәйкес, егер баланың әкесі екендігі анықталған болса, әкесінен баланың анасы босанғанға дейінгі және босанғаннан кейінгі кезеңдерде өзін күтіп-бағуға тиісті ақша қаражатын сот тәртібімен талап етуге құқығы бар. Бұндай талап арыздары түскен жағдайда, сот тараптардың материалдық, отбасылық және басқа да мүдделерін ескере отырып, ақша қаражатының мөлшерін және төлемдердің кезеңділігін айқындауға құқылы.

Конституциялық Кеңес баланың әкесінен әйелге, соның ішінде некеден тұрмайтын әйелге, жүкті болуына және ортақ баланы өмірге әкелуіне байланысты күтіп-бағу үшін ақша қаражатын өндіріп алуды ана мен баланы қорғау туралы конституциялық ережелерді іске асыруды, сондай-ақ балаға қамқорлық жасау және оны тәрбиелеу бойынша ата-ана міндеттерін орындауды қамтамасыз ету тәсілдерінің бірі деп

пайымдайды. Сәбидің қалыптасуы, оның өмірге келуі мен бала ретінде дамуы орын алатын босанғанға дейінгі және одан кейінгі кезеңде бала да, оған қамқор ана да, өзінің отбасы жағдайының қандай болуына қарамастан, арнайы қорғауға, соның ішінде материалдық қолдауға мұқтаж.

Табиғи жаратылыстану заңдарына байланысты жүктілік кезеңінде және бала өмірінің алғашқы жылдарында баланың мүддесін оның анасынан бөліп қарау мүмкін емес. Бұл кезеңде баланың негізгі мүдделерінің кепілі сәбидің бастапқы өмірлік сұраныстарын қанағаттандыра алатын анасы, ал ана үшін, сәйкесінше, перзентінің қажеттіліктері бірінші кезекте тұруы керек және оның бар күш-жігері баланы тиісінше бағып-күтуге бағытталған.

Оларға күтіп-бағу үшін тұрақты түрде төленетін қаражат өмір сүруіне негізгі қаражат көзі болуы мүмкін. Сондықтан, осы маңызды кезеңде ананың және баланың құқықтары мен заңды мүдделерін барабар қорғауға кепілдік беру қажет.

Өз кезегінде, бұл баланың әкесі болып табылатын ер адамға қарағанда, әлеуметтік-осал жағдайдағы баланың да, оның қамқоры болып отырған ананың да тыныс-тіршілігін қажетті деңгейде барынша сақтауды қамтамасыз ететін тиімді құқықтық тетіктерді белгілеуді білдіреді.

Сот күмән келтіріп отырған құқықтық норма мәні ұқсас негіздер бойынша некеде болмаған әйелдер үшін, некеде тұрған немесе болған әйелдермен салыстырғанда, күтіп-бағудың төмен көлемін белгілей отырып, ана мен баланың маңызды мүдделеріне әсерін тигізеді. Кодексте некеде тұрған немесе болған әйелдерге қатысты жұбайлары (бұрынғы жұбайлары) тарапынан материалдық қолдаудың көтеріңкі шаралары белгіленген (Кодекстің 147-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы, 148-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы). Онда жұбайлардың (бұрынғы жұбайлардың) алимент алуы үшін одан да ұзақ мерзімдері көрсетілген.

Конституциялық Кеңес әйелдің жүктілігі, баласын босану кезеңінде және одан кейінгі уақытта өзін күтіп-бағуға баланың әкесінен қаражат алуға құқығын олардың арасында заңды некелік қарым-қатынастардың болуына немесе болмауына байланысты жіктеу мемлекеттің некеге негізделген отбасы институтын қорғау міндеттемелерін іске асырумен байланысты деп тұжырымдайды.

Осылайша, Кодекстің 47-бабы 5-тармағы дискриминация болып табылмайды және Негізгі Заңның 14-бабы 2-тармағына және 27-бабының 1 және 2-тармақтарына қайшы келмейді, өйткені неке мен отбасы, ана мен баланы қорғау, сондай-ақ ата-ананың конституциялық міндеттерін орындау конституциялық мәні бар құндылықтар мен мақсаттарды көздейді.

4. Кодекстің 47-бабы 5-тармағын Конституцияға сәйкес деп тани отырып, Конституциялық Кеңес қаралып отырған заңнамалық ережелерде әке және ерекше

қорғауды талап ететін ана мен баланың құқықтары мен бостандықтарын келістірудегі Негізгі Заңның конституциялық-құқықтық мағынасы мен әлеуеті жеткіліксіз пайдаланылған деп санайды.

Сонымен қатар, Кодекстің 47-бабының 5-тармағында көзделген "босанғанға дейінгі кезең" және "босанғаннан кейінгі кезең" деген ұғымдардың мазмұнын және олардың уақыт шектерін заңнамада анықтау керек.

Конституциялық Кеңес бірқатар нормативтік қаулыларында, кез келген заң заңдық тұрғыдан дәлме-дәл және оның әкеп соқтыратын салдары болжаулы болуға тиіс, яғни оның нормалары жеткілікті дәрежеде анық тұжырымдалып және заң ережелерін өзінше пайымдау мүмкіндігін жоққа шығаратын түсінікті өлшемдерге негізделуге тиіс деп көрсетіп кеткен (2008 жылғы 27 ақпандағы № 2, 2009 жылғы 11 ақпандағы № 1, 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 5 және басқалар).

Осыған орай, Конституциялық Кеңес Кодекстің 47-бабының 5-тармағы көздеген ана мен баланың мүдделерін толығырақ қамтамасыз ету мақсатында, конституциялық құндылықтарды мемлекеттік қорғау шараларын барынша үйлестіруге, неке-отбасы заңнамасын жетілдіруге және заңнамада қолданылатын арнайы терминдерді бірегейлендіруге бағытталған тиісті заңнамалық түзетулер қабылдау мақсатқа сай келеді деген конституциялық іс жүргізудегі бірқатар қатысушылардың пікірімен келісетінін білдіреді.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 2-тармағын, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы № 2737 Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-бабы 4-тармағының 1) тармақшасын, 31-33, 37, 40-баптарын және 41-баптың 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі

**қаулы етеді:**

1. "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі 47-бабының 5-тармағы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметіне ана мен бала құқықтары мен бостандықтарын неғұрлым толық қамтамасыз ету мақсатында "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексіне Конституциялық Кеңестің осы нормативтік қаулысында мазмұндалған құқықтық ұстанымдарына сәйкес, түзетулер енгізуге бастамашылық жасау туралы мәселені қарастыруға ұсыным берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес нормативтік қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

4. Осы нормативтік қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қазақстан Республикасы  
Конституциялық Кеңесінің  
Төрағасы*

*Қ.Ә. Мәми*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК